**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**
**14.02-18.02. 2022 ақпан**

**Бекітемін:**
**Оқу ісі жөніндегі орынбасары:** **Аманшеева А.Ж** **Тәрбиеші: Абенова Б.К**

**Өтпелі тақырып** «Бізді қоршаған әлем»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.**<br><br>**Ата-аналармен кеңес.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Баланың жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу.** | Таңертеңгі жаттығу кешені №11 | | | | |
| **Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б.).** | **Ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер»<br><br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br><br>**Шарты:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, суық, аяз, желді, боран). | **Ойын:** «Кім тапқыр?»<br><br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br><br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br><br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру). | **Д.О.** «Үй жануарлары мен жабайы жануарлар»<br><br>**Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата білу.<br><br>**Ойын барысы:** Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырату, олар туралы білетіндерін әңгімелеу. | **«Жаңылтпаштар»**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айта білуге үйрету.<br><br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** жаңылтпаштар.<br><br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды айту. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. | **Д.О. Д.О. «Ілгекті жолдар»**<br><br>**Мақсаты:** Саусақ моторикасын дамыту. Ілгектердің көлемін, түсін ажырата білуге үйрету. Бірдей түсті ілгектерді таба білуге үйрету.<br><br>**Ойын барысы:** Жиналған бірдей ілгектерден ақ қағаз бетіне жол жасау. |
| **Мектеп кестесі бойынша**<br><br>**ҰОҚ** | **1.Сауат ашу.**<br><br>**Сауат ашу негіздері.**<br><br>**Тақырыбы:** Ш дыбысы.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** «Ш»-қатаң дауыссыз дыбысымен танысады, «ш» дыбысы бар сөздерге | **1.Математика негіздері.**<br><br>**Тақырыбы:** Артық, кем, тең.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** «артық», «кем», «тең» ұғымдары қалыптасады және саны бойынша бірдей бөліктерді | **1.Сауат ашу.**<br><br>**Тақырыбы:** Ш дыбысы.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** : «Ш»-қатаң дауыссыз дыбысымен танысады, «ш» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды, текшемен жұмыс жасайды. | **Қоршаған ортамен танысу.**<br><br>**Тақырыбы:** Менің елімнің салт-дәстүрлері.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрімен танысады, әр салт-дәстүрдің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтырады. Өз салт-дәстүрімізге құрметпен қарайды. | **1.Өзін-өзі тану.**<br><br>**Тақырыбы:** Адамгершілік әліппесі.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Адамгершілік әліппесі туралы ұғымға ие. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҰОҚ мақсаты:** «Ш»-қатаң дауыссыз дыбысымен танысады, «ш» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды ,текшемен жұмыс жасайды.<br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Дыбыстарды таны»<br><br>**Шарты:** Өткен дыбыстарды қайталайды. Дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br><br>**Ш-**дыбысымен таныс бол.<br><br>**Ш-**қатаң дауыссыз дыбыс.<br><br>**Құрылымдалған ойын:** «Ақылды ешкі»<br><br>**Шарты:** Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. **Ш** дыбысы бар сөздерді айтады.<br><br>Ешкі лақтарын жақсы көретін. Оларға арнап қарбыз екті. Қарбызды құстар жарып кетеді. Ол шаршады.<br><br>-Ешкі қарбызды не үшін екті?<br><br>-Ешкіге өзің қалай көмектесер едің?<br><br>-Ешкі сөзінде **ш** дыбысы | «кем», «тең» ұғымдары қалыптасады және саны бойынша бірдей бөліктерді<br><br>салыстыра алады.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Заттар тобын салыстырамын»<br><br>**Шарты:** Суреттегі заттарды санайды. Не артық, не кем?<br><br>**Жұмыс дәптері.**<br><br>(балалар жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды).<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br><br>«Кім зейінді?»<br><br>**Шарты:** Санайды, салыстырады, белгілерді қояды.<br><br>**.**Суретте қандай доптар артық?<br><br>.Достарыңа гүлдерді санауға және салыстыруға көмектес. Белгілерді қой.<br><br>**Еркін ойын:** «Саусағыңмен жүргіз»<br><br>**Шарты:** Белгілердің үстінен саусағыңмен жүргіз. (артық, кем, тең). | танысады, «ш» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды, текшемен жұмыс жасайды.<br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Дыбыстарды таны»<br><br>**Шарты:** Өткен дыбыстарды қайтайды. Дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br><br>**Ш-**дыбысымен таныс бол.<br><br>**Ш-**қатаң, дауыссыз дыбыс.<br><br>**Оқып үйренем.**<br><br>ша, шо, ше.<br><br>аш, шаш, шар, ар, арша, шара, шора.<br><br>**Құрылымдалған ойын:** «Дыбыстар»<br><br>**Шарты:** Балалар **Ш** дыбысын ермексаздан жасайды.<br><br>**Еркін ойын:** «Көңілді шарлар»<br><br>**Шарты:** Ш дыбысынан келетін сөздер айтады. Түрлі-түсті қағаздардан шарларды қиып жапсырады, өз қалауынша безендіреді.<br><br>-Қандай дыбыспен | дәстүрімен танысады, әр салт-дәстүрдің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтырады. Өз салт-дәстүрімізге құрметпен қарайды.<br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:**<br><br>«Менің елімнің салт-дәстүрлері» «Кім тапқыр?»<br><br>**Шарты:**<br><br>Жұмбақты шешеді. Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Ғажап екен кіп-кішкентай сәнді үй.<br><br>Ішінде ұйықтап жатыр балқып әлди.<br><br>Бұл не?<br><br>-Бесікке кімді жатқызады?<br><br>-Бесік жырын кім орындайды?<br><br>-Ән қалай орындалады?<br><br>**Жұмыс дәптері.**<br><br>**1**.Суретте халқымыздың қандай салт-дәстүрі бейнеленген?<br><br>**2**.Суреттерге қарап қандай салт-дәстүр туралы әңгімелеуге болады?<br><br>**3.**Ер баланы алғаш рет атқа мінгізу дәстүрі қалай аталады?<br><br>**4.**Атты ерттеуге қажетті заттарды белгіле.<br><br>Үзеңгі; құйысқан; домбыра; жүген; торсық; ер; тоқым. | Адамгершілік әліппесі туралы ұғымға ие.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Жақсы жаман»<br><br>**Шарты:** Суреттерге қарап, жақсы іс пен жаман істі ажыратады, әңгімелейді.<br><br>**Бірге жаттаймыз.**<br><br>Жақсылықтан үйреніп,<br><br>Боламыз біз жақсы адам.<br><br>Жамандықтан жиреніп,<br><br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br><br>-Жақсы іс-деген не?<br><br>-«Жаман»-дегенде ойларыңа не түседі?<br><br>**Адамгершілік қасиет-**әр уақытта жақсылық жасау. Мейірімді, қайырымды адам қай кезде де жақсылық жасауға дайын тұрады. Жақсы адамды айналасындағылар жақсы көреді, сыйлайды. Оның достары көп болады.<br><br>**.**Жақсы болу өзіңнен.<br><br>Жаман болу өзіңнен.<br><br>Жақсылық көрсең біреуден, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нешінші тұр?<br><br>**Шарбақ** сөзін буынға бөл.<br><br>**Оқып үйренем.**<br><br>ша, шо, ше.<br><br>аш, шаш, шар, ар, арша, шара, шора.<br><br>**Еркін ойын** «Ойлан»<br><br>**Шарты: Ш** дыбысын таяқшалардан құрастырып жасайды.<br><br>**-**Ешкі үйінің шарбағынан неше **ш** дыбысын жасауға болады?<br><br>-Қандай дыбыспен таныстыңдар?<br><br>-**Ш** қандай дыбыс?<br><br>**Екі жұлдыз, бір тілек»** бойынша күлегештер арқылы бағалау<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br><br>**Тақырыбы**: Әтеш қай кезде шақырады?<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Үй құстарының бірнеше түрін, басқа құстардан айырмашылығын атап береді және қандай өнім алатынын, тәжірибелік жұмыстарда салыстырып | **Екі жұлдыз, бір тілек»**<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту.**<br><br>**Тақырыбы:** Қыс қызықтары.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайды, сөзге дыбыстық талдау жасайды, ертегі тыңдап жалғасы мен соңын құрастырады.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Көңілді қыс»<br><br>**Шарты**: Сұрақ-жауап. Сұрақтарға жауап береді. Жұмбақтың жауабын табады.<br><br>-Қазір қай мезгіл?<br><br>-Қыс мезгілінде не болады?<br><br>-Қардың түсі қандай?<br><br>-Қар қайтіп жауады?<br><br>-Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br><br>-Қыста балалар қандай ойындар ойнайды?<br><br>-Аязды күні ойнауға бола ма? | таныстыңдар?<br><br>-**Ш** қандай дыбыс?<br><br>**Екі жұлдыз, бір тілек»** бойынша күлегештер арқылы бағалау<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br><br>**Тақырыбы:** Үш қыз ертегісі.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Ертегінің мазмұнын түсініп кейіпкерлерді ажыратады және ертегі кейіпкерлерінің<br><br>іс-әрекетін салыстыра алады. Татар, халықтарының ұлттық салт-дәстүрімен танысады, өзге ұлт өкілдерін сыйластық танытады.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Ертегілер еліне саяхат»<br><br>**Шарты:** Ертегілер еліне шолу жасайды. Тақтаға ілінген суреттерден қандай ертегі екенін айтады.<br><br>**Тыңда. «Үш қыз»** ертегісін мәнерлеп оқу, баларды жаңа ертегімен таныстыру.<br><br>**Ана**-ең аяулы жан. Анамызды сыйлап айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз | **Құрылымдалған ойын:**<br><br>**Ән тыңдау:** «Бесік жыры» Қ.Өрісбаев.<br><br>Әлди, әлди, бөпешім,<br><br>Әлпештейін көкешім.<br><br>Тербетейін жата ғой,<br><br>Тәтті ұйқыға бата ғой.<br><br>.Бесікке жас сәбиді бөлейді. Ұйқысы тыныш болу үшін, әрі тоңып қалмау үшін бесікке салады. Бесікке тербетіп отырып анасы орындайтын әнді «Бесік жыры»-деп атайды.<br><br>-Анасы сәбиіне бесік жырын қай кезде айтады?<br><br>**Еркін ойын:** «Боя, белгіле»<br><br>**Шарты:** Суретке қарап, бесік жырының орындалатын уақытын дөңгелекті бояп көрсетеді.<br><br>(күн және түн мезгілі).<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:**<br><br>«Тұсау кесу рәсімі»<br><br>**Шарты:** Сұрақтарға жауап береді.<br><br>-Тұсау кесу рәсімі не үшін қажет?<br><br>-Рәсімді кім жасайды?<br><br>-Тұсау кесу рәсімін жасау үшін не қажет?<br><br>-Тұсау кесу рәсімін жасаған соң қандай | Мен қандаймын деп ойла.<br><br>Жамандық көрсең біреуден,<br><br>Мен қандаймын деп ойла.<br><br>-Жақсы адам болу үшін не істеу керек?<br><br>-Адамдар неліктен «жамандықтан» қашады?<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br><br>«Кел ойнайық»<br><br>**Шарты:** Өтірік айту жаман қасиет дегенде қол соғайық.<br><br>Жақсы адам болғыларың келсе орнымыздан тұрайық.<br><br>Жалқаулық жаман қасиет дегендерің отырайық.<br><br>**Еркін ойын:** «Жалғастыр»<br><br>**«Не істеуге болмайды?»**<br><br>Үлкендердің алдын...(кесіп өтуге).<br><br>Құстарды...(атуға болмайды).<br><br>Достарыңды...(ренжетуге болмайды).<br><br>Өтірік, жаман сөз...(айтуға болмайды). |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қорытынды жасайды.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын: «**Үй құстары»<br><br>**Шарты:** Балаларға үй құстарының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй құстары туралы білетінін айтады.<br><br>**Сұрақ-**<br><br>-Үй құстары не жейді?<br><br>-Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br><br>-Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?<br><br>**Тыңда.**<br><br>Ақ тауық-ай, ақ тауық,<br><br>Ақ тауық неден қақсауық?<br><br>Ертеменен қыт-қыттап,<br><br>Ауламыздан шықпайды.<br><br>**Жұмыс дәптері.**<br><br>**.**Суретке қара.Қандай құстар бейнеленген? Олардың басқа құстардан қандай айырмашылықтары бар?<br><br>**.**Үй құстарынан қандай өнім алынады? | -Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br><br>**Жұмбақ.**<br><br>Шанамен зырлап желетін,<br><br>Шаңғы, коньки тебетін.<br><br>Аққала жасап ойнайтын,<br><br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br><br>Қыста ғана болады,<br><br>Ұстасаң қолың тоңады.<br><br>Балалар қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайды.<br><br>**Тыңда.** «Қар қандай» ертегісін оқып беру.<br><br>**Сергіту сәті.**<br><br>З.Шүкіров. «Ақша қар»<br><br>Айналамда ұшып жүр,<br><br>Ақ мамық қар себелеп.<br><br>Қалт-құлт еткен бейне бір,<br><br>Ақ қанатты көбелек.<br><br>**Қыс** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br><br>**қ-**дауыссыз дыбыс.<br><br>**ы-**дауыссыз дыбыс**.**<br><br>**с-**дауыссыз дыбыс. | керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі дәрмек беріп күтіп қарауымыз керек.<br><br>**Сұрақ жауап.**<br><br>-Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?<br><br>-Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br><br>-Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br><br>-Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?<br><br>-Қай қыздың әрекеті ұнады?<br><br>**Жұмыс дәптері.**<br><br>Суретке қарап тақырып ойлап тап.<br><br>-Суретте анасы, қыздары немен айналысып жатыр деп ойлайсың?<br><br>-Суретке қарап кейіпкерлердің көңіл-күйін сипатта.<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br><br>«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br><br>**Шарты:** Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады. | әнорындалады?<br><br>Ән тыңдау: «Тәй-тәй»<br><br>Ө.Байділдаев.<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br><br>«Боя, белгіле»<br><br>**Шарты:** Берілген суреттен тұсау кесуге қажетті заттарды сызық арқылы қосып көрсетеді.<br><br>**Еркін ойын:** «Не қажет?»<br><br>**Шарты:** Тұсау кесу рәсімін жасау үшін қандай заттар қажет екенін атайды.<br><br>Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау<br><br>**2.Денешынықтыру.**<br><br>**Тақырыбы:** Байқоңыр.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге және заттардың үстімен екі аяқпен секіруге, секіртпемен еркін секіре білуге жаттығады.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Қатып қал!» ойын жаттығуы.<br><br>**Шарты:** шашырап жүру; жүгіру; «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.<br><br>**Қимыл қозғалыс ойыны:** «Кім | **«Не істеу керек?»**<br><br>Үлкенді...(сыйлау керек).<br><br>Ата ананың тілін...(алу керек).<br><br>Ұстаздарды...(қадірлеу керек).<br><br>Кішілерге...(қамқор болу керек).<br><br>Тәртіпті...(бала болу керек).<br><br>Оқу құралдарды...(ұқыпты ұстау керек).<br><br>**Бірге жаттаймыз.**<br><br>Нағыз адам боламын!<br><br>Бүгін титтей баламын,<br><br>Әлі ақ жігіт боламын.<br><br>Сонда мүмкім мен ғалым,<br><br>Әлде шофер болармын.<br><br>Әлде, әлде білсеңдер,<br><br>Жалғыз ғана талабым:<br><br>Ер жеткенде, ел сенер,<br><br>Нағыз адам боламын!<br><br>**Екі жұлдыз, бір тілек»**<br><br>**2.Музыка.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **.**Үй құсының қауырсынын зертте.<br><br>**.**Өзің зерттеген қауырсынның суретін сал. Ол туралы не айта аласың.<br><br>**Құрылымдалған ойын:** «101 жұмбақ»<br><br>**Шарты:** Жұмбақты шешеді. Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Бұрап қойған сағаттай,<br><br>Айғайлайды таң атпай?<br><br>-Әтеш қай кезде шақырады?<br><br>**Еркін ойын:** «Іс әрекетті таңда»<br><br>**Шарты:** Балалар бір-біріне доп лақтырып, құстардың іс-қимылдарын атайды; ұшады, шоқиды, секіреді, сайрайды, қауырсынын тазалайды, ағаштың бұтағына қонып отырады, қорек іздейді.<br><br>**«Басмармақ әдісі»** әдісі арқылы балаларды бағалау.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br><br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдеріне саяхат. | **Құрылымдалған ойын:**<br><br>«Қай мезгілде ойнаймыз?»<br><br>**Шарты:** Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап балалар қай мезгілде ойнайтындарын айтады.<br><br>**Еркін ойын:** «Сыңарын тап»<br><br>**Шарты:** Балалар бірдей қолғаптарды табады.<br><br>-Қандай ертегі тыңдадыңдар?<br><br>**Екі жұлдыз, бір тілек.**<br><br>**3.Сурет салу.**<br><br>**Тақырыбы:** Қар кесегі. (акварель бояуы).<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Қыс қызығымен танысады. Қысқы табиғат құбылыстарын сезіне біледі. Қардың «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсінеді. Дербес түрде қар кесегін салуды үйренеді.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «101 жұмбақ»<br><br>**Шарты:** Жұмбақтың | **Еркін ойын.** «Ертегілер елі»<br><br>**Шарты:** Балалар суретке қарайды. Өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің жақсы қасиеттері туралы әңгімелейді.<br><br>**«Басмармақ әдісі»** әдісі арқылы балаларды бағалау.<br><br>**3.Орыс тілі.**<br><br>**Тақырыбы:** Дикие животные.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Формирование умения описывать диких животных. Задачи: расширять словарь за счет слов, обозначающих основные характеристики животных: злой, хитрая, трусливый; учить образовывать слова в уменьшительно-ласкательной форме; закреплять умение составлять словосочетания и простые предложения, используя названия цветов, величину (заяц маленький, белый и т.д.), развивать внимание, память; воспитывать заботливое отношение к животным.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** **«**Мир диких животных**»** | шапшаң?»<br><br>**Шарты:** Төрт бастаушы таңдап алынады. Оларға жұлдызшалар беріледі. Төрт тізбекте тұрады. Бастаушы-командир. Көздерін жұмып тұрады. Осы кезде бастаушылар педагогтың көрсеткен жеріне барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады. Бастаушының атында тізбекте тұрады.<br><br>**«Ғарыштық ұйқы»**<br><br>**Шарты:** Балалар етпеттерімен қолмен аяқтарын екі жаққа созып, «жұлдыз» қалпында жатып «ұйықтайды» балалар ұйқыларынан оянып қандай ғарыштық түс көргендерін айтады.<br><br>Қортынды кезең: «Бүгін менің үйренгенім...» сөйлемді аяқтап, әңгімелейді.<br><br>**«Басмармақ»** әдісі.<br><br>**3.Жапсыру.**<br><br>**Тақырыбы:** Мысық.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Үлгі қарап ұқыпты қияды және мысықтың бөліктерін рет-ретімен жапсырады.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Кім тез табады?»<br><br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br><br>.Еріксе құйрығымен ойнайды, | **Тақырыбы:** Біздің рәміздер.<br><br>ҰОҚ мақсаты: Әннің сипатын қабылдайды; дауысын дұрыс келтіріп рындайды; әннің кіріспесін, басын қайырмасын ажырата алады; халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен танысады. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен танысады. Еліміздің рәміздерін қастерлеп, бағалай біледі<br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:**<br><br>**Музыка тыңдау.** «Қазақстан жалауы»<br><br>Д.Омаров.<br><br>**Шарты:** Әнді тыңдайды.<br><br>**Ән айту:** «Тәуелсіздік таңы»<br><br>А. Шырынбекова.<br><br>«Жомарт елім»<br><br>И. Нүсіпбаев.<br><br>-Әнде не туралы айтылған?<br><br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br><br>**Еркін ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҰОҚ мақсаты:**<br><br>Қар кесегін қолды жоғары, алға белсенді шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы көлденең нысанаға сермеп лақтырады. Жалғыз аяқпен секіріп, екінші аяқпен допты теуіп жүргізеді.<br><br>**1. «Күзгі орман»**<br><br>Бір-бірден тізбекте тұрады. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Өкшемен, аяқтың ұшымен жүру. Жай жүріс.<br><br>**2. «Көктемге саяхат»**<br><br>**«Жан біткен жасыл желек»**<br><br>(ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады).<br><br>**«Құстар»** (сайраған құстар қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп қалқиды).<br><br>**«Аңдар оянды»** (оянып, бой жазып керіледі).<br><br>3. **«Жаз» «Секіртпе»** (секіртпеден секіреді).<br><br>**4. «Қыс» «Қар кесегі»**<br><br>Қар кесегін нысанаға лақтыру. | жауабын табады. Сұрақтарға жауап береді.<br><br>**.**Суда мұз бар,<br><br>Боран борап соғады,<br><br>Бұл қай кезде болады?<br><br>(қыс мезгілі).<br><br>**.**Ұстай қалсаң еріп кетер,<br><br>Әуре болма теріп бекер.<br><br>(қар).<br><br>**.**Қыста ғана болады,<br><br>Ұстасаң қолың тоңады.<br><br>(қар).<br><br>**.**Шелек қалпақ басында,<br><br>Сәбіз екен танауы.<br><br>Қыста қардан туатын,<br><br>Тауып көрші сен оны.<br><br>(аққала).<br><br>-Қар қай мезгілде жауады?<br><br>-Қардың түсі қандай?<br><br>-Қардан не жасауға болады?<br><br>**Жұмыс дәптері.** | **Шарты:** Аңдарды атайды.<br><br>**Сұрақ-жауап:**<br><br>-Каких диких животных ты знаешь? Послушай и повтори.<br><br>**Волк**-қасқыр, **медведь**-аю, **лиса**-түлкі, **белка**-тиін, **заяц**- қоян.<br><br>**Азбука тетрадь.**<br><br>**1.**Назови, кто изображён на картинке. Где они живут? Расскажи, какие они.<br><br>**2.**Кто что есть? Соедини линией. назови.<br><br>**Словарник:**<br><br>Белка, ёж, лось, дикие животные.<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br><br>«Кто это?»<br><br>**Шарты:** Суретке қарап жабайы аңдарды атайды, мекенін айтады.<br><br>**Это дикие животные**-бұл жабайы жануарлар.<br><br>Посмотри, кто где живёт. Повтори.<br><br>**Дупло** -қуыс, **берлога**-апан, **куст**-бұта.<br><br>**Еркін ойын:** Подумай, кто | Зеріксе ұйқыға бір тоймайды.<br><br>.Мұртын сипап күні бойы,<br><br>Бетін сусыз жуады.<br><br>Тысырды аңдып түн бойы,<br><br>Тышқанды ол қуады.<br><br>**Мысық.**<br><br>Мен кәдімгі мысықпын,<br><br>Рас көзі қысықпын.<br><br>Жүйкесінде ойнаймын,<br><br>Тышқан деген пысықтың<br><br>Күлме мейлің күл мейлің,<br><br>Итті көзге ілмеймін,<br><br>Жақсы көрем балықты,<br><br>Әттең аулай білмеймін.<br><br>**Құрылымдалған ойын**:<br><br>«Тез жауап бер»<br><br>**Шарты:** Сұрақ-жауап.<br><br>-Сенің сүйікті үй хайуанаттарың бар ма?<br><br>-Төлдер мен үй хайуанаттарының ішінен қайсысын өзіңе жақын дос санайсың?<br><br>-«Марғау»-дегеніміз не?<br><br>**Балалардың жұмысы.**<br><br>«Мысық» | **Музыкалық ырғақты қозғалыс:** «Жаса Қазақстан» үнтаспа.<br><br>**«Басмармақ әдісі»** әдісі арқылы балаларды бағалау.<br><br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық мүшелері.**<br><br>**Тақырыбы:** Мұрын тыныс алу және иіс сезу мүшесі.<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Мұрын тыныс алу мүшесі екені туралы түсінік алады. ол мүшенің иіс сезу мүшесі екенін ұғынады. Дене мүшелеріне тазалықпен қарай білуге дағдыланады. **Педагог жетекшілігімен**<br><br>**ойын:** «Менің денем»<br><br>**Шарты:** Дене мүшелерін атайды.<br><br>**Тыңда.**<br><br>Жер шарында өмір сүретін адамдардың барлығы дене құрлысы жағынан ұқсас.<br><br>Адамның сезім мүшелерінінің бірі-мұрын.<br><br>**Мұрын-**иіс сезу мүшесі.<br><br>Айналадағы кейбір заттардың өзіне тән исі болады. Адам мұрнымен иісті ажыратады және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Басмармақ» әдісі.**<br><br>**4.Мүсіндеу.**<br><br>**Тақырыбы:** Ит адамның досы. (сюжеттік мүсіндеу).<br><br>**ҰОҚ мақсаты:** Мүсіндеу әдістерін қолдана отырып ермексазбен табиғи материалдарды үйлестіріп, жануар бейнесін жасайды.<br><br>**ҰОҚ мақсаты: Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Кім тез табады?»<br><br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br><br>**.**Адамға серік,<br><br>Күзетке берік.<br><br>**.**Үйіңді қорғайды,<br><br>Үйге бірақ қонбайды.<br><br>.Табанынан тыз етіп,<br><br>Жүрсе дағы сыз етіп.<br><br>Күні түні ерінбей,<br><br>Үйді жүрер күзетіп.<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br><br>«Тез жауап бер» | «Қар кесегі»<br><br>(суретті салады).<br><br>**Сырғанақ.**<br><br>Аппақ қарды жұмарлап,<br><br>Үсті-үстіне үйдік біз.<br><br>Жасап алдық сырғанақ,<br><br>Ә дегенше сөйтіп біз.<br><br>Астымызда шанамыз,<br><br>Құсша төмен зырлаймыз.<br><br>Кейде құлап қаламыз,<br><br>Құласақ та тынбаймыз.<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br><br>«Аққала»<br><br>**Шарты:** Аққаланы құрастырады.<br><br>**Еркін ойын:** «Қар қиыршықтарын құрастыр»<br><br>**Шарты:** Балалар бірдей қар қиыршықтарын табады.<br><br>**«Екі жұлдыз бір тілек»**<br><br>**4.В.К Ұлттық ойындар**<br><br>**Тақырыбы: «Бестас».**<br><br>**«Бестас» ойны әрі қарай** | чем питается. Соедини.<br><br>**Белка**-тиін, **медведь**-аю, **заяц**-қоян.<br><br>**«Басмармақ әдісі»** әдісі арқылы балаларды бағалау.<br><br>**4.Музыка.**<br><br>**Тақырыбы:** Біздің рәміздер.<br><br>ҰОҚ мақсаты: Әннің сипатын қабылдайды; дауысын дұрыс келтіріп рындайды; әннің кіріспесін, басын қайырмасын ажырата алады; халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен танысады. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен танысады. Еліміздің рәміздерін қастерлеп, бағалай біледі<br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:**<br><br>**Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы»<br><br>Д.Омаров.<br><br>**Шарты:** Әнді тыңдайды.<br><br>**Ән айту:** «Тәуелсіздік таңы»<br><br>А. Шырынбекова.<br><br>«Жомарт елім»<br><br>И. Нүсіпбаев. | Балалар мысықты жапсырады.<br><br>**Еркін ойын:** «Мысық»<br><br>**Шарты:** Ән тыңдау.<br><br>**Музыкасы:** Б.Ғизатов.<br><br>**Сөзі:** Б.Соқпақбаев.<br><br>Балалардың жұмысын бағалау. Көрме ұйымдастыру.<br><br>«Басмармақ» әдісі. Ең жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру.<br><br>**5.В. К Ойламыз, ойнаймыз**<br><br>**Тақырыбы: Сұйық және сусымалы**<br><br>**Мақсаты: Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге дағдыландыру**<br><br>**Педагог жетекшілігімен**<br><br>**ойын:** «Көңілді қыс»<br><br>**Шарты:** Сұрақ-жауап. Сұрақтарға жауап береді. Жұмбақтың жауабын табады.<br><br>-Қазір қай мезгіл?<br><br>-Қыс мезгілінде не болады?<br><br>-Аяз жылдың қай мезгілінде болады?<br><br>-Қыста адамдар қалай киінеді?<br><br>-Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br><br>-Қыста балалар қандай ойындар ойнайды? | тыныс алады. біз заттарды исі бойынша ажырата аламыз. Жұпар иіс адамға жағымды иіс қалдырады. Иіс сезімі жақсы жетілген адам бұзылған тамақтың, зиянды газдың исін бірден сезеді. Сөйтіп қауіпті жағдайды дер кезінде байқайды.<br><br>**Құрылымдалған ойын**: «Кім тапқыр?»<br><br>**Шарты:** Суретке қарап, жағымды исі бар заттарды табады. Сурет бойынша әңгімелейді.<br><br>**Еркін ойын:** «Исіне қарай ажырат»<br><br>**Шарты:** Көзімізді жұмып, үстел үстінде тұрған әртүрлі заттарды исіне қарай ажыратады.<br><br>**4.В.К Логика әлемі**<br><br>**Тақырыбы:**<br><br>4 саны мен цифры.<br><br>**Мақсаты:** 4 санымен және цифрымен таныстыру.<br><br>**Педагог жетекшілігі**<br><br>**мен ойын:** «Бөліктерден шаршы жина» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Сұрақ-жауап.<br>-Сенің сүйікті үй хайуанаттарың бар ма?<br>-Төлдер мен үй хайуанаттарының ішінен қайсысын өзіңе жақын дос санайсың?<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Ит адамның досы»<br>Балалар иттің дайын жасалған үлгісін басшылыққа ала отырып, иттің мүсінін ермексаздан жасайды.<br>**Еркін ойын:**<br>«Таңдап ал да атын айт»<br>**Шарты:** Жануарлардың қиынды суреттері ішінн біреуін таңдап алады, атын атайды және оның жүрісін салады.<br>Көрме ұйымдастыру.<br>**«Екі жұлдыз бір тілек»** | **бекіту.**<br>**Мақсаты: Балаларда шапшандық қасиеттерін әрі қарай қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қаблеттеін арттыру.**<br>**Педагог жетекшілігі**<br>**мен ойын:** «Гүлдер»<br>**Шарты**: Тақпақтарды бірге қайталап жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>**Гүлдер.**<br>Түрлі-түсті әйбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл-жасыл аймақ,<br>Қырға шықсақ ойнап.<br>Гүлім, гүлім өсе бер,<br>Әдемі боп, асыл боп.<br>Күндей жайнап кете бер,<br>Қызыл, сары, жасыл боп.<br>-Балалар не туралы тақпақ жаттадық?<br>-Қандай гүлдерді білесіңдер?<br>-Гүлдерді қалай күту керек? | -Әнде не туралы айтылған?<br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br>**Еркін ойын:**<br>**Музыкалық ырғақты қозғалыс:** «Жаса Қазақстан» үнтаспа.<br>**«Басмармақ әдісі»** әдісі арқылы балаларды бағалау. | -Аязды күні ойнауға бола ма?<br>-Шанамен не үшін қыста ғана ойнайды?<br>-Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br>Жұмбақ.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Қыс қызығы»<br>**Шарты:** Сұрақ-жауап. -Қыста қандай қызықтар болады?<br>-Қыста жерде не жатады?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>-Аққаланы неден соғамыз?<br>-Аққала соғып көрдіңдер ме?<br>Балаларға дайын суреттер таратылады<br>-Суретке мұқият қараңдар. Не жетпей тұр? Әрине бояуы жоқ. Айналаңа көз сал. Бояу болмаса біздің өміріміз қандай болар еді? Суретке тағы бір назар аудар. Сендер суретті қандай бояулармен бояр едіңдер?<br>**Балалардың жұмысы:**<br>«Қыс қызығы»<br>(суретті бояиды).<br>**Еркін ойын:** «Қолғаптар»<br>**Шарты:** Балалар бірдей қолғаптарды табады.<br>-Қыста қолымыз тоңбау үшін не киеміз? | **Шарты:** Бөліктерден шаршы жинайды. Қандай сурет пайда болғанын айтады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Кім зейінді?»<br>**Шарты:** Фигура бөліктерін тауып, тиісті түспен боя.<br>**Еркін ойын:** «Тәтті тоқаш»<br>**Шарты:** Қонжық пен көжекке тәтті тоқашты тең екі бөлікке бөледі.<br>**«Басмармақ әдісі»** әдісі арқылы балаларды бағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Балалардың жұмысы:**<br>«Құмырадағы гүл»<br>(сурет салады).<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Гүлді ашық хат»<br>**Шарты:** Балалар түрлі-түсті қағаздардан гүлді ашық хат жасайды. Достарына сыйлайды.<br>**Еркін ойын:** «Қайсысы артық?»<br>**Шарты:** Суреттегі артық затты табады.<br>**«Екі жұлдыз бір тілек»** | | Бірге жаттаймыз.<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**«Екі жұлдыз, бір тілек»** бойынша күлегештер арқылы бағалау. | |
| **Серуен, бақылау.** | **Серуен № 6<br>«Қар ұлпалары»** | **Серуен № 7<br>«Әйнектегі өрнектер»** | **Серуен №8<br>«Мұз сүңгісі»** | **Серуен № 9<br>«Қайың ағашы»** | **Серуен №10<br>«Қысқтың негізгі белгілері»** |
| **Баланың даму картасы.** | спорттық ойын элементтерін және жаттығуларын меңгерту. | әңгіменің жалғасы мен соңын құрастыру. | заттарды түрлі белгілері (түсі, пішіні, өлшемі,материалы, қолданылуы) бойынша салыстыруды үйрету. | гүлдер, көкөністер, жемістерді шынайы бейнесінен және елестетуі бойынша суреттерін салуды үйрету. | жақсы мен жаман әрекеттерді түсіндіру. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |